

## **"Қазақстан-Қытай" магистральдық құбыр жолдарының күзет аймақтарын белгілеу және олардағы жерлерді пайдалану режимін айқындау туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 365 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 ақпанда № 2518 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы "Магистральдық құбыр туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан-Қытай" магистральдық құбырлардың "А", "В" желілік бөліктері осы қаулының 1 қосымшасына, "С" желілік бөлігі осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес құбыр осінің әрбір жағынан елу метр жерден, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде құбыр осінің әрбір жағынан жиырма бес метр жерден және Жамбыл, Т.Рысқұлов, Шу аудандарында орналасқан компрессорлық станциялардың (КС-3, КС-4, КС-5) жан-жақтарынан жүз метр жерден, осы аймаққа кіретін жерлерді меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, күзет аймақтары белгіленсін.

2. "Қазақстан-Қытай" магистральдық құбырлардың күзет аймақтарындағы жерлерді пайдалану режимі осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға, мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Әбдірайымовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	К. Көкрекбаев
	Жамбыл облысы әкімдігінің 29 желтоқсан 2014 жылғы №365 қаулысына 1 қосымша

## "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "А және В" желілерінің күзет аймақтары

№	Аудан	Күзету аймағына кіретін алаң, гектар	Оның ішінде								Құрылыс астындағы жерлер	
			ауыл шаруашылық алқаптары, гектар	соның ішінде			көп жылдық екпелер, гектар	шабындық, гектар	жайылым, гектар	коныстану аумағы, гектар		бөгде жер, гектар
				егістік барлығы, гектар	суармалы, гектар	суармалы, гектар						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
1	Жуалы ауданы	3142,41	3082,43	1943,55	268,03		11,59	1179,49		59,98		
2	Жамбыл ауданы	3045,89	2998,46	809,6	503,42			1941,55		47,43		
	оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-3	5,79	5,79					5,79				
	оның ішінде: КС -3	477,8	477,8					477,8				
3	Байзақ ауданы	3409,92	3284,97	2399,2	1198,82	54,75	61,29	769,74	2,73	122,21		
4	Т.Рысқұлов аудан	7697,84	7541,06	4669,4				2871,66		144,74	12,04	
	оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-4	5,69	5,69	5,69								
	оның ішінде: КС -4	623,48	623,48	620,98				2,5				
5	Меркі ауданы	2989,3	2862,14	1016,82	416,76		6,29	1859,03		127,16		
6	Шу ауданы	8111,44	8030,29	2884,78	476,74	16,31	4,82	5124,37		81,15		
	оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-5	5,53	5,53	5,03	0,04			0,50				
	оның ішінде: КС -5	431,18	422,04	163,41	79,67			258,63		9,14		

7	Қордай ауданы	4862,73	4838,87	415,11			7,36	4416,40		21,34	
Облыс бойынша барлығы		33259,53	32638,22	14138,46	2863,77	71,06	91,35	18162,24	2,73	604,01	12,04
оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-3,4,5		17,01	17,01	10,72	0,04			6,29			
соның ішінде: компрессорлық станциялар		1532,46	1523,32	784,39	79,67			738,93		9,14	

Жамбыл облысы әкімдігінің  
29 желтоқсан 2014 жылғы  
№365 қаулысына 2 қосымша

## "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желісінің күзет аймағы

№	Аудан	Күзету аймағына кіретін алаң, гектар	Оның ішінде ауыл шаруашылық алқаптары, гектар	соның ішінде					қоныстану аумағы, гектар	бөгде жер, гектар
				егістік барлығы, гектар	суармалы, гектар	көп жылдық екпелер, гектар	шабындық, гектар	жайылым, гектар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жуалы ауданы	170,6587	170,5660	140,5251	6,9798				30,0409	0,0927
2	Жамбыл ауданы	216,9915	213,1054	55,6127	55,6127				157,4927	3,8861
оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-3		203,2743	199,3882	42,7435	42,7435				156,6447	3,8861
оның ішінде: КС-3		13,7172	13,7172	12,8692	12,8692				0,8480	
3	Байзақ ауданы	165,5267	155,3552	139,1083	72,8889	1,2391	2,7252	12,2826		10,1715
4	Т.Рысқұлов аудан	417,0798	409,0191	341,5325				67,4866	6,9901	1,0706
оның ішінде: тазарту құрылғыларын		402,6158	394,5551	327,0685				67,4866	6,9901	

	жіберу-қабылдау торабы-4									1,0706
	оның ішінде: КС -4	14,4640	14,4640	14,4640						
5	Меркі ауданы	222,8299	222,8299				222,8299			
6	Шу ауданы	520,7936	503,4733	179,9344	32,9892		323,5389	14,0633	3,2570	
	оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-5	507,8424	490,5221	166,9832	20,0380		323,5389	14,0633	3,2570	
	оның ішінде: КС -5	12,9512	12,9512	12,9512	12,9512					
7	Қордай ауданы	204,8989	204,8989	33,7813			171,1176			
	Облыс бойынша барлығы	1918,7791	1879,2478	890,4943	168,4706	1,2391	2,7252	984,7892	21,0534	18,4779
	оның ішінде: тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы-3,4,5	1877,6467	1838,1154	850,2099	142,6502	1,2391	2,7252	983,9412	21,0534	18,4779
	соның ішінде: компрессорлық станциялар	41,1324	41,1324	40,2844	25,8204			0,8480		

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 29 желтоқсандағы  
№365 қаулысына 3-қосымша

## **"Қазақстан-Қытай" магистральдық құбыр жолдарының күзет**

### **аймақтарындағы жерді пайдалану режимі**

"Қазақстан-Қытай" магистральдық құбыр жолдарының күзет аймақтарының шегінде:

1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен

келіспей, орнатуға;

2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге;

9) бақылау-өлшеу пункттерін, навигациялық тану белгілерін сындыру, басқа жерге ауыстыруға және көмуге;

10) қоқыс тастайтын жерге айналдыру, тұз, сілті, қышқыл ерітінділерін төгуге;

11) от қою, от көздерін ашуға немесе жабуға тыйым салынады.